

**Күршім аудандық мәслихатының 2011 жылғы 20 маусымдағы № 28-8 "Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу Ережесін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 18 сәуірдегі N 17-7 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 14 мамырда N 3319 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 2014 жылғы 23 желтоқсандағы N 21-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Күршім аудандық мәслихатының 23.12.2014 N 21-6 шешімімен ( алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабының 2 тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 1 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қаулысына сәйкес Күршім ауданының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. "Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу Ережесі бекіту туралы" Күршім аудандық мәслихаттың 2011 жылғы 20 маусымдағы № 28-8 шешіміне ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2011 жылғы 11 шілдеде № 5-14-130 болып тіркелген, 2011 жылғы 16 шілдедегі № 56 "Рауан", 2011 жылғы 16 шілдедегі № 56 "Заря" аудандық газеттерінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу Қағидасын бекіту туралы"; шешімнің және қосымшалардың мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтіні бойынша " Ережесі", "Ереже", "Ережесін", "Ережеде", "Ережеге", "Ережесіне" деген сөздер тиісінше "Қағидасы", "Қағидасын", "Қағидалар", "Қағидаға", "Қағиданың", "

Қағидасына" деген сөздермен ауыстырылсын;  
осы шешіммен бекітілген, аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға)  
тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін белгілеу Қағидасында:  
11 тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:  
"3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі не мекенжай анықтамасы, не  
өтініш берушінің тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын  
ауылдық әкімдердің анықтамасы;" .  
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн  
өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Сессия төрағасы</i>	<i>Ж. Әзімбаев</i>
<i>Күршім аудандық</i>	
<i>мәслихаттың хатшысы</i>	<i>Қ. Әбілмәжінов</i>

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК